

- ақпарат күралдарымен сауатты жұмыс жасауы;
- алған білімін практикада қолдануы;
- өз білімі мен мәдени деңгейін көтере алуы;
- коммуникативтік икемділіктің нормаларын көрсете білуі қарастырылады.

Окушылардың жобалық жұмысқа деген қызығушылығын арттыру үшін, әртүрлі арнаій әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы олардың жоба тәқырыбына деген мотивтерін тудырып, материалды түсінуін қамтамасыз ету қажет. Болашақта осы сияқты жұмыстарды үйимдастыруда облыстық және қала мектептеріне жоба туралы нақты ақпаратты уақытылы жеткізуі колға алу керек деп есептеймін.

Мектеп қабырғасында окушыда зерттеу, іздеу, анықтау, дәлелдеу, т.б. дағдылары қалыптасып, жобалау әдісі негізінде окушы уақытты ықшамдауды үйренеді. Бұл келешекте окушының өз өмірінің менеджері болуына аса қажетті икемділіктің бірі деп айтуда болады. Корыта келе, бұл жобаның болашақта окушыға берері зор деп ойлаймын, себебі окушы болашақ студент ретінде ғылыми жұмысқа қызығушылығын арттыра отырып, ғылыми ізденіс бағытында жұмыстануға тәжірибе жинақтайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту түжірымдамасы, Білім-Образование, №1, 2004.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ережелер. – Астана, 2006.

3. Бахиева С.М. «Педагогикалық білім беру жүйелерін басқарудағы жобалау. Конференция материалдары». Орал, М.Әтемісов атындағы БҚМУ, 2007.

\*\*\*

В данной статье рассматривается проектный метод обучения как основа научно-исследовательской работы учащихся общеобразовательных учреждений. Метод проектов направлен на освоение учащимися способов деятельности, составляющих коммуникативную, информационную компетентность и компетентность разрешения проблем как результаты 12-летнего среднего общего образования.

\*\*\*

*This article discusses the design method of instruction as the basis for the research work of students of educational institutions.*

*Method of projects aimed at developing students ways of constituting the communicative, informational competence end problem-solving competence as the results of twelve-year secondary education.*

ӘОЖ 371.3:371.23

*Ауелбаева Н.Ж.  
оқытушы, М.Әтемісов атындағы БҚМУ*

## **КРЕДИТТИК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҮЙИМДАСТАҮРДҮҮҢ ТҮРЛЕРІ МЕН МАНЫЗДЫЛЫҒЫ**

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оку үдерісін үйимдастырудың ережесіне сәйкес, кредиттік оқыту технологиясы дегеніміз - білім алушы мен оқытушының оку жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын өз бетінше жоспарлауы негізінде оқыту.

Казіргі кездегі ақпараттық қоғам жоғарғы оку орындарының алдына өз бетінше керекті білімін ала алатын және оны практика жүзінде қолдана алатын; өз бетінше сынмен ойлауга, нақты жағдайда туындағын мәселелерді көре білетін және оларды шешу жолдарын іздей алатын; ақпаратпен сауатты жұмыс істеуге

қабілетті; әр түрлі әлеуметтік топтарда, ұйымдарда жұмыс істей алатын; өз бетінше ой-өрісін, мәдени деңгейін дамыта алатын қабілетті мамандарды тәрбиелеуді талап етеді [1].

Кредиттік оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың басты міндеттерінің қатарына: білім көлемін біріздендіруді, оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай туғызуды, білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күштейтуді, білім алушының окудағы шынайы жетістіктерін оларды тиімді бақылау рәсімдері негізінде анықтауды жатқызамыз. Кредиттік оқыту технологиясының негізгі міндеттерінің ішінде - оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану, білім беру бағдарламаларын менгеруде білім алушылардың өзіндік жұмыстарын жаңдандыруды атап өткен жөн.

Кредиттік технологиялық оқыту үдерісінің сапасын көтеруі мен сол үдерісті реттеу үшін студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәні ете зор. Студенттің дербес ойлауын, танымдық белсенділігін туындау үшін жағдай жасайтын кез келген жұмыс түрі өзіндік жұмыс деп аталады. Кең мағынада алғанда, өзіндік жұмыс дегеніміз – студенттің оқу аудиториясындағы және одан тыс та, оқытушының қатысуымен және оның қатысуының да дербес орындалатын барлық жұмыстары.

#### Студенттердің өзіндік жұмыстары:

1. Негізгі аудиториялық сабак барысында – дәрістерде, практикалық семинар сабактарында, зертханалық жұмыстарды орындауда;
2. Оқытушының бақылауымен жүргізілетін өзіндік жұмыстар - оқу мәселелері бойынша жоспарлы кеңестер беруде, шығармашылық байланыстар, сынақ, емтихандар, академиялық карыздарын жою кезінде, т.б;
3. Кітапханада, үйде, жатақханада оқу және шығармашылық, жеке үй тапсырмаларын, ғылыми-ізденушілік жұмыс орындау барысында жүзеге асырылатын өзіндік жұмыс.

Өзіндік жұмыстарды құрылымдық 2 бөлікке бөлуге болады: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыс және оқытушының тікелей бақылауының студенттің өз қарауы бойынша ұйымдастыратын өзіндік жұмысы (дәріске, лабораториялық, практикалық сабактарға, коллоквиумға эзірленуі, т.б). Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыс студенттің кәсіби өзін-өзі дамытуға нысаналы даярлығын дамытуды педагогикалық түрғыда қамтамасыз етеді. СӨЖ-ның мақсаттары – студенттерде өзіндік шығармашылық енбекке дағыларын қалыптастыру, қазіргі заманғы құралдарды пайдаланып, кәсіптік тапсырмаларды шеше білу, өзінің білімін үздіксіз жетілдіру, жұмыс уақытын жоспарлау және ұйымдастыру тәжірибесін алу және ой-танымын кеңсейту.

СӨЖ-ын ұйымдастыру технологиясының элементтері: СӨЖ-ын жоспарлау, әдістемелік қамтамасыз ету, бағалау және тексеру, талдау жасау мен оны жетілдіру. СӨЖ-ын ұйымдастыру үдерісі, оның технологиясы мына факторларға тәуелді: СӨЖ-ның дәріс және практикалық сабактарға бағытталуы, пәннің нақты тақырыбын қарастырғанда СӨЖ-ның орнын белгілеу, СӨЖ-ның нысандарын дұрыс талдау, тапсырманы орындау үшін қолданатын әдістемелік нұсқаулар, СӨЖ-ның әртүрлі сабактармен сәйкестігі [2].

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша студенттің өзіндік жұмыстарының (СӨЖ) әр алуан түрлері ұйымдастырылады. Ол - оқу-әдістемелік әдебиеттерді өз бетінше оқу, аудиториялық сабактарға дайындалу, рефераттар, сырттай оқу бөлімі студенттерінің бақылау жұмыстары, шығармалар, есептер, тесттерді дайындауды қарастыратын сабак түрі, жеке консультациялар, кейір тақырыптардың тереңдетіліп оқытылуы, коллоквиумдар, интернет желісіндегі жұмыс, т.б.

СӨЖ-ның аудиториядан тыс түрлері әр алуан: берілген тақырып бойынша рефераттар, баяндамалар, т.б жазба жұмыстарын орындау. Студентке тақырып тандау құқығын ұсынған дұрыс. Үй тапсырмаларын орындау – жаттығулар орындау, есеп-тапсырмаларды шешу (мысалы, ситуацияларды, казуастарды), мәтінде

аудару, глоссарий құру, әдеби дереккөздерді іріктеу, оқу, сыйбанұсқалар, кестелер тәрізді әртурлі графикалық жұмыстар орындау, студенттің дербестілігі мен бастамашылдығын дамытуға арналған әртурлі жеке тапсырмалар орындау. Жеке тапсырма әрбір студентке немесе студенттердің бір белгіне берілуі мүмкін: курстық жұмыстарды орындау, ғылыми-теориялық конференцияларға, байқаулар мен олимпиадаларға қатысуға әзірлену, т.б. Студенттердің аудиториядан тыс СӨЖ-на он көзқарасын қалыптастыру үшін СӨЖ-ның әрбір кезеңінде жұмыс мақсатын түсіндіру, бұл мақсаттарды студенттердің ұғынғандығын бақылау қажет, біртіндеп олардың өзінде мақсат таңдау, міндет қою іскерліктерін қалыптастыруға болады.

Жоғарыда атап өткендей, аудиториялық өзіндік жұмыс негізінен дәріс оқу кезінде, практикалық, семинар сабактарын жүргізу, лабораториялық практикум орындау барысында жүргізіледі. Дәріс курсын оқу кезінде проблемалық сұрақтар қою арқылы, нақты тақырып бойынша сұрақтармен, тестілік сұрақтармен студенттердің материалды игеруін бақылау қажет. Практикалық, семинар сабактарында СӨЖ-ның әр алуан түрлерін қолдану оқу үрдісін қызықты етеді, студенттердің белсенділігін көтереді. Сондықтан, семинар сабактарында интерактивті оқыту әдістерін қолданған жөн. Лабораториялық практикумдарды орындауда да белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдануға болады [3].

Әр пәннің СӨЖ-ның түрін және нысанын таңдау пәннің талаптары мен мақсатына сай болу керек. СӨЖ қазіргі заманғы мамандар дайындау талаптарына сай болуы үшін кафедраның оқытатын пәндері бойынша жоспарлаған СӨЖ нысандарының тізімі алуан түрлі интерактивті оқыту әдістерін (кафедраның мамандануына сай) қолдану керек.

Студенттердің өзіндік жұмыстары – оқу үрдісінің ең маңызды компоненттерінің бірі болғандықтан оған үлкен көңіл белудің маңызы зор. СӨЖ жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және сараптау оқу үдерісін ғылыми ұйымдастырудың маңызды құрамды белгілі болып табылады, ол оқу жұмысының толық басқарылуын және қажетті тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. СӨЖ үдерісі инновациялық технологияларды пайдалануға негізделуі қажет.

Интерактивті оқыту әдістері: «Миға шабуыл», «Класстер», «Шағын топтарда жұмыс істеу», «Бұрыштар», «Құндылық желісі», «Галереяға шарлау», «Презентация», «Рөлдік ойындар», «RAFT», «Автор үстелі», «Жаттығулар (логикалық есептер)», «Топтық мозаика», «Тор», «Қос жазба құнделігі», «Мен зерттеймін», «Т кестесі», т.б. Интерактивті оқыту білім алушылардың бірнеше қабілеттерін дамытады: өз пікірін құру және оны айту, басқа адамның пікірін сыйлау, оқу материалын нақты зерттеу; оқу материалына шығармашылық көзқарас, үлкен аудиторияның алдында сөйлеу және өзінің көзқарасын дәлелдеу, алынған ақпаратты талдау, өзіндік және табысты жұмыс істеу қабілеттілігін дамыту, өзінің жеке даралығын көрсету.

СӨЖ материалдары кафедраның профессорлық–оқытушылық құрамымен құрастырылады және мынадай құжаттардан тұрады: пәнди оқудың барлық кезеңдеріне есептелген СӨЖ тақырыптары; типті және оқу жұмыс бағдарламаларының негізгі белімдеріне сәйкес келетін тапсырмалар жүйесі; эссе, баяндамалар, проблемалық тақырыптар, аннотациялар және т.б. жұмыстардың тақырыптары; негізгі және қосымша әдебиеттің тізімі; кеңестік қөмектің түрлері, бақылау түрлері; бағалау критерийлері, жұмыстың ұсынылатын көлемі, оны орындаудың ұсынылатын мерзімдері.

Студенттердің өзіндік жұмысына тапсырмалар ауызша және жазбаша нысандарда берілуі мүмкін. Студенттердің өзіндік жұмысы үшін тапсырмалардың мысалдары:

1. Жазбаша жұмысты дайындау (эссе, баяндама, бақылау тапсырмасы).
2. Библиографиялық мәліметтерді өндеу (карточка құрастыру), кітаптарды, макалаларды, препараторларды аннотациялау.
3. Издуу-зерттеу сипаттағы тапсырмаларды орындау (интернет арқылы).
4. Салыстырмалы-баламалы кестелерді дайындау.

5. Проблемалық мақала бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді терең сараптау.

6. Семинар жұмысына қатысу: семинардың баяндамасының конспектісін, рефераттарды дайындау, тапсырмаларды орындау.

7. Лабораторлы-практикалық сабактар: нұсқауларға және әдістемелік нұсқауларға сәйкес экспериментті өткізу және қорытындысын шығару.

8. Өзіндік, бакылау жұмыстарын орындау барысындағы СФЗЖ, ғылыми жобаны дайындау және теориялық қорытындылардың қолдану (ғылыми конференция арқылы).

9. Практика барысында материалдарды бакылау және жинақтау бойынша тапсырмаларды орындау: альбомдар, хаттамаларды құрастыру, т.б.

Студенттердің өзіндік жұмысын орындауға оқытушының жетекшілігі мынадай жолдармен жүргізіледі: ағымдағы сұхбат және бақылау, кеңестер, оқытушының СӨЖ-ын түзетуі, студенттердің қарама-карсы рецензиялауы, дискуссия, сараптама, рецензиялау, оқытушының бағасы, қорытынды шығару және т.б.

СӨЖ қорытындылары жазбаша эссе, глоссарий, баяндама, бақылау, жазбаша жұмысы, ғылыми мақала, аудио-бейне есептер, шығармалар және т.б. түрінде; сонымен қатар практикалық тапсырма альбомдар, хаттамалар, аннотациялау, лабораторлы тәжірибелі енгізу және т.б. түрінде тапсырылуы мүмкін. СӨЖ қорытындылары студенттердің ғылыми конференциясында, студенттердің ғылыми ұйымының отырыстарында, олимпиадаларда, сабактарда, кафедра сайтының СӨЖ бөлімінде көрсетілуі мүмкін.

Оқытушылар әр пәннің оқу-әдістемелік кешенінде студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша өзіндік жұмыстарды тексеру нысандарын, СӨЖ-ді орындау талаптары және одан қутегін нәтижелері мен тапсыру уақытын, консультациялар уақытын, әр түрлі тапсырмаларды бағалау критерийлерін көрсетеді [4].

Өзіндік жұмысқа студенттердің емтихандарға әзірлігі де жататындықтан, пәннің оқу-әдістемелік кешендерінде емтихан сұраптарымен қатар емтиханға дайындалуға арналған оқытушының әдістемелік нұсқаулары да болу қажет деп санаймын.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Убаева Ж.К., Тынымкулова Г.Ж. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттер білімін бақылауда жобалар әдісін қолдану. Ақтөбе қ., 2008.

2. Сүгірбекова Г.К., Таубаева Р.С., Мадалиева Э.Б. Кредиттік технологиялары студенттердің өзіндік жұмысының рөлі. Тараз қ., 2006.

3. Основы кредитной системы обучения в Казахстане Гамарник Г.Н., Абдасилов Б.С. МОН РК. Астана, 2004.

4. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Москва: Академия, 2001.

\*\*\*

*В статье рассматривается значение и виды организации самостоятельных работ при кредитной технологии обучения.*

\*\*\*

*The article considers the meaning and kinds of self-work organization in credit technology of training.*